

## Көктау ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау ауылдық округ әкімінің 2009 жылғы 27 шілдедегі № 6 шешімі. Ақтөбе облысының Хромтау аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 26 тамызда N 3-12-99 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосында" сөздері тиісінше "ауылдық", "ауылында" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау ауылдық округі әкімінің 28.07.2015 № 18 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 Заңының 14-бабының 4-тармақшасына, сондай-ақ, Көктау ауылдық округіне қарайтын елді-мекен тұрғындарының 2009 жылғы 24 шілдедегі конференциясының хаттамасына сәйкес, Көктау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау ауылдық округі әкімінің 28.07.2015 № 18 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Көктау ауылдық округіне қарасты елді мекендердегі атауы жоқ көшелерге атаулары берілсін:

- 1) Қарабаз ауылында: Қарабаз көшесі.
- 2) Көктау ауылында: 1-мөлтек ауданы.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көктау ауылдық округінің әкімі*

*Б. Жұмағалеев*